

# ЗАМАНАУИ ҰСТАЗ БЕЙНЕСІ ҚАНДАЙ?

**Мектеп оқушының азамат ретінде қалыптасуына ықпал етсе, ұстаз – мектептің мәртебесін биікке көтеріп, мерейін тасытатын тұлға.**

Мұғалім өзі оқытатын пән мен тәжірибесі арқылы ғана оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ете алмайды. Яғни, білігі мен тәжірибеге қоса, өзінің жеке тұлғалық қасиеттері арқылы үлгі болып, ықпал етеді. Сондықтан мұғалім әрқашан бала алдында адамгершілігі мол, тәрбиелі, жан-жақты, адам жанын түсінетін, терең білімді болса, бала еліктеп, ұстазына қарап бой түзейді. Мұғалім мектептен тыс уақытта да сөзі мен ісінің сай болуына назар аударуы керек.

Мұғалім – қоғам қайраткері. Мемлекет ел болашағын мұғалімге сеніп тапсырады. Ол қоғамның мұң-мұқтажын жоқтайды, болашағын ойлайды, соған қызмет етеді. Басқа саладағы

қызмет түрлерімен салыстырғанда, педагогикалық қызмет – әлеуметтенген қызметтің ерекше түрі. Олар аға буынның тәжірибиесін өскелен ұрпаққа беруге, олардың дамуына жағдай жасап, білім алушылардың қоғамда белгілі әлеуметтік рөлге ие болуына ықпал етеді. Мұғалімнің жеке басындағы үйлесімділік көбінесе талапшыл, табанды, парасатты, шешіміне сенімді, сақтығы мен қаталдығы қатар жүреді. Алайда, бұл қасиеттердің барлығы бір адамның бойынан табылмауы мүмкін. Бірақ мұғалім өзін-өзі тәрбиелеу нәтижесінде толық қалыптасады.

Мұғалімге өз ісінің кәсіби маманы болумен қатар, ол баланы жақсы көруі, оқушыны көзқарасы мен пікірін сыйлауы және тыңдай білуі керек. Сондай-ақ, қоғамда болып жатқан өзгерістерден хабардар, дүниеганымы кең, жан-жақты талдау жасай білетін

маман болуы шарт. Кез келген ұстаз ҚР баланың құқықтары туралы заңды және Конвенцияны әрқашан басшылыққа алуы шарт. Бала құқығын сыйлаудың баланың құқықтық санасын көтеріп, құқықтық тәрбие беруде маңызы зор. Құқықтық мемлекет құруды көздеп отырған елімізде баланың құқықтық түсінігін ерте қалыптастыру – келешекте қоғамның тәртіпті, тәрбиелі азаматтардан құрлатынына кепіл. Ал, осы қасиеттер бойынан табылатын әрбір мұғалім жаңа замандағы ұстаз бейнесін қалыптастыратыны сөзсіз.

**Балымай СҮГІРӘЛІ,  
Аида ҚҰРАЛБЕК,  
Ақерке АЗАМАТХАН,  
Құралай БОСШАҒҮЛОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
колледжі «Педагогика»  
кафедрасының оқытушылары**